ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2026 жылғы 13 сәуір 7119-26-00-2/2926 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Arti 666" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің "Arti 666" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы –қанағаттандырылсын.

"Arti 666" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Arti 666" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 7620 (жеті мың алты жүз жиырма) тұрақсыздық айыбы, 2 355 (екі мың үш жүз елу бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 13.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 20.05.2026, судья Шамшильдин Т., 25.05.2026

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕЛІК» ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Сот өндірісі - - Судопроизводство -

7119-26-3-1/2632